

КӨШІРМЕСІ
К О П И Я

Акционерлердің жалпы жиналысы
бекіткен
2004 ж. «30» наурыз
№ 1 хаттама

Қазақстан Республикасы
әділет министрлігі
Астана қаласының әділет
департаменті
Заңды тұлғаға мемлекеттік
тіркеу жүргізілді
2004 жыл "31" наурыз
Куәлік № 15972-196-ЖД

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»

акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2004 жыл

1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, қалыптастыру тәртібін және оның органдарының құзыретін, қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тідегі толық атауы - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, қысқаша – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ;

- орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество "Разведка Добыча "КазМунайГаз", қысқаша - АО "РД "КазМунайГаз";

- ағылшын тіліндегі толық атауы - joint stock company «KazMunayGas» Exploration-Production», сокращенное – JSC «KazMunayGas» EP».

1.3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: 473000, Астана қ., Алматы ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 20/1.

1.4. Қоғам қызметінің мерзімі - шектеусіз.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам «Ембімұнайгаз» ашық акционерлік қоғамы мен «Өзенмұнайгаз» ашық акционерлік қоғамын біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды және «Ембімұнайгаз» ашық акционерлік қоғамы мен «Өзенмұнайгаз» ашық акционерлік қоғамының барлық мүлкінің, құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

2.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болады және жүзеге асырады, жауапкершілікте болады және сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.3. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі - Заңнама деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыны (бұдан әрі - Жарғы) басшылыққа алады.

2.4. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

Қоғамның қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.5. Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген мөрі, бланкілері болады, Қоғамның Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өз тауарлық белгісі мен рәмізі, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртаңбалары және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажет басқа да реквизиттері болады.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1. Қоғамның мақсаты - дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

3.2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- 1) геологиялық барлау, іздестіру жұмыстарын жүргізу және мұнай, газ және газ конденсаты кен орындарын, сондай-ақ жерасты сулары кен орындарын игеру; мұнай, газ және жерасты және теңіз суларын өндіру, тасымалдау; мұнайды дайындау және газды өңдеу, өңделген шикізатты және өнімдерді сату;
- 2) мұнайға, газға және суға арналған іздеу, барлау, құрылымдық және пайдалану ұңғымаларын бұрғылау, оларды тоқтатып қою және тарату;
- 3) мұнай, газ кен орындарын, сондай-ақ жерасты су кен орындарын жайластыру;
- 4) өндіру (мұнай, газ) және айдағыш ұңғымаларды сынау және игеру;
- 5) мұнай-газ және су ұңғымаларын кешенді гидродинамикалық зерттеу және тестілеу;
- 6) ұңғымаларды геофизикалық зерттеу және перфорациялау кешені;
- 7) ұңғымалардың забойлық аймағына әсер етудің химиялық, физикалық, физикалық-химиялық әдістерін қолдану арқылы қабаттардың мұнай қайтарымын арттыру (ГРП, ГДРП, ТБХО, химреагенттерді, қышқылдарды айдау, ЭКВ, ВУВЭ және т.б.)
- 8) топомакршейдерлік жұмыстарды жүргізу;
- 9) мұнайдың, газдың, судың және жыныстардың физикалық-химиялық қасиеттерін айқындау бойынша лабораторлық жұмыстар;
- 10) кен орнын игеру ауданының сейсмикалық, геодинамикалық режимдерін қағаландыру жүзеге асыру;
- 11) сулы қабаттың бетінен ластану дәрежесі мен үлгісін айқындау және ластанған заттардың кен орнындарындағы қоршаған ортаға әсерінің мониторинг жүргізу;
- 12) жерасты сулары кен орындарының монитоингін жүргізу;
- 13) мұнай-газ кәсіпшіліктерінде пайдалану ұңғымаларын салу, ағымдағы және күрделі жөндеу (пайдалану ұңғымаларын салу, екінші оқпанды тілуді қоса алғанда ұңғымаларды күрделі жөндеу);
- 14) сұйық газды, көмірсутегі қоспасын, пеш отынын және басқа да газдың өңделген өнімін әзірлеу;
- 15) мұнай өндіруді қарқындату;
- 16) жоғары-монтаждық жұмыстарды жүзеге асыру;
- 17) мұнайды мейлінше тиімді алуды және пайдалануды қамтамасыз ету үшін өндірістік қуаттарды техникалық қайта жарақтандыру және қайта жаңарту;
- 18) технологиялық орнықты жабдықтың жаңа түрлерін енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мұнай-газ өндіру, мұнай-газ тасымалдау, мұнай-газ өңдеу және химия объектілерінде іске қосу-жөндеу, шеф-монтаждық жұмыстар жүргізу;
- 19) мұнай өндірудегі өзекті проблемаларды шешу бойынша мұнай кәсіпшілігі жабдықтарының конструкторлық-техникалық құжаттамасын әзірлеу және оларды енгізу;
- 20) бұрғылау, мұнай кәсіпшілігі және басқа да арнайы жабдықтың түрлерін, көлік құралдарын, жеке мұқтаждықтарға қажетті құрал-саймандар мен қосалқы бөлшектерді жасау, күрделі жөндеу;
- 21) өнеркәсіптік, жарылу қаупі бар өндірістерді пайдалану, қысыммен жұмыс істейтін түтіктер мен құбыр желілерін пайдалану және жөндеу;
- 22) технологиялық мұнай-газ кәсіпшілігі жабдығын монтаждау;
- 23) дәнекерлеу-монтаждау конструкцияларын (оның ішінде, негізгі) жасау, олардың дефектоскопиясы, жөндеу және сынау, ПСД жасау;
- 24) жөндегеннен кейін жабдықтың паспортына жөндеу түрлерін енгізе отырып жабдықты пайдалану мерзімін ұзартуға арналған жұмыстар жүргізу;

25) газды пештерге жеткізетін құбыр желілерін, сондай-ақ тіректі арматура мен қысым реттегіштерді пайдалану, монтаждау және жөндеу;

26) газ жабдығын жоспарлы-ескертулік жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

27) қысыммен жұмыс істейтін қыздыру пештерін, қазандықтарды, түтіктерді, резервуарларды, газ өндіру, газ тасымалдау жабдықтарын, жүк көтергіш механизмдер мен машиналарды, автомобильдік газ баллон қондырғыларын, темір цехтарын жөндеу және сынау;

28) мұнай кен орындарындағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша барлық жұмыстар кешенін орындау;

29) амбарлық және төгілген мұнайды, мұнай шламдарын, мазутталған (аумақтарды) топырақтарды жинау, кәдеге жарату, өңдеу және жою және жерлерді баптау;

30) лабораториялық зерттеулер, қоршаған ортаның мониторингі және заттарды химиялық талдау;

31) ұңғымаларды, құбырлар мен жабдықтарды парафинсіздендіру бойынша жұмыстарды орындау;

32) мұнай өндірудің технологиялық процестерін химияландыру жөніндегі жұмыстарды орындау;

33) химияландыру, экологиялық іс-шаралар және іске қосу-реттеу жұмыстары объектілерін жабдықтарын, желілері мен үймереттерін күрделі жөндеу;

34) химиялық материалдарды, реагенттерді (оны ішінде өрт қаупі бар және улы) және құралдарды қабылдау, сақтау, оларды тасымалдау және қолдану;

35) электр қондырғыларын техникалық пайдалану. Электр қуаттарын беру, бөлу, тасымалдау және сату;

36) электрмеханикалық жабдықты, ағымдағы және күрделі жөндеу және қызмет көрсету, КИП және А, байланыс құралдарын монтаждау;

37) 1000 В дейін және жоғары кернеуі, 35 кВ қоса алғанда электр желілері мен электр жабдықтарын күрделі монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары, сондай-ақ электротехникалық металдардың (түрлі-түсті және қара) өндірістік қалдықтарын жинау, сақтау және тапсыру;

38) жарылғыш заттарды, жарылу құралдарын және иондық әсер ету көздерін (радиоактивтік заттар) сақтау, пайдалану және тасымалдау, белгіленген тәртіппен осы құралдардың импорты;

39) түрлі-түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындама), сақтау, өңдеу және сату;

40) ТМД мен басқа да шетелдік өндірушілердің арнайы техникасын, автокөлік құралдарын, жер қазғыш машиналарын, жүк көтергіш механизмдерін пайдалану;

41) жолаушылар мен жүктерді автокөлікпен, темір жолмен, теңіз және авиа көлікпен тасымалдау;

42) өнеркәсіптік (оның ішінде кен орындарын жайластыру), әлеуметтік және тұрғын үй объектілерін іздестіру, жобалау, сәулет және қала құрылысы саласындағы жалпы құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары, автожолдарды, темір жол кіреберіс жолдарын, айлақтық үймереттерді пайдалану және жөндеу;

43) мұнай, газ, газ конденсаты кен орындарын (оның ішінде ауыз және термальдық су өндіру бойынша) игеруге қатысты бөлігінде объектілерді іздестіру, жобалау;

44) инженерлік коммуникацияларды, өндірістік мақсаттағы объектілер желілерін (оның ішінде сумен жабдықтау және газбен жабдықтау желілерін) салу, жөндеу;

45) техникалық кибернетика, автоматтық бақылау және басқару, электроника, есептеу техникасы жүйелерінің, ақпараттық жүйелерінің, байланыс және телекоммуникациялар жүйелерінің приборларын, қондырғыларын, аппаратураларын, жабдығын жобалау, әзірлеу, жасау, монтаждау, реттеу, пайдалану, жөндеу, техникалық қызмет көрсету;

46) бақылау, өртке қарсы қорғану, автоматтандыру және сигнализация, жерасты үймереттерінің, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар, түтіктер және құбыр желілерінің аппаратуралары мен жүйелерін монтаждау және жөндеу;

47) иондағыш сәулелендіру көздерін пайдалану, сақтау, техникалық қызмет көрсету, тасымалдау және кәдеге жарату;

48) дербес ЭЕМ, көшірме және көбейткіш техникаларға (ксерокстар, сканерлер және принтерлер) техникалық қызмет көрсету;

50) өлшегіш приборларды, өлшеу құралдарының жүйелерін метрологиялық сынау және тексеру;

51) компьютерлік бағдарламаларды және ақпараттық технологияларды әзірлеу және енгізу, ақпараттық-есептеуіш қызметтерін көрсету;

52) Қоғамның өндірістік объектілерінің және елді мекендерінің арасында теңіз және ауыз суын тасымалдау және бөлу;

53) суаққыларын, жабдықтарды және сыйымдылықтарды тоттанудан қорғауға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру;

54) суды өндіру, тасымалдау, сақтау және бөлу объектірелінде авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын (жер, дәнекерлеу-монтаждық, изоляциялық, монтаждық, іске қосу-монтаждық) жүзеге асыру;

55) суаққыларын (оның ішінде жоғары арынды), сыйымдылықтарды, сораптарды (оның ішінде батпалы), есепке алу приборларын, КИП және А және басқа да жабдықтарды монтаждау, қызмет көрсету, реттеу, жөндеу, дефектоскопиялау, сынау;

56) белгіленген техникалық, экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес қабат қысымын ұтау объектілерін техникалық сумен қамтамасыз ету;

57) Қоғамның объектілерін техникалық және санитарлық талаптарға жауап беретін ауыз сумен қамтамасыз ету;

58) өндірістік қуаттарды, геологиялық барлау және іздестіру жұмыстарын дамыту, техникалық қайта жаратандыру және қайта жаңарту есебінен мұнайды барынша тиімді алу және пайдалану;

59) Заңнамаға сәйкес сыртқы экономикалық қызмет: тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспорты және импорты бойынша операцияларды жүзеге асыру, шетелдік фирмалармен өзара тиімді сыртқы экономикалық байланыстарды, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту және осы баптың шеңберінде Заңнамаға қайшы келмейтін өзге де қызмет;

60) медициналық қызмет көрсету, диагностика және емдеу;

61) осы Жарғыда көзделген Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін Заңнамамен тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыру.

3.3. Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияның және рұқсаттың өзге де түрін талап ететін қызметтің түрлері тиісті лицензиялыр мен рұқсаттың өзге де түрлері алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғам Заңнамада көзделген барлық құқықтарға ие және барлық міндеттемелерді көтереді.

4.2. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз мүлікінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

4.3. Мемлекет Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейтін секілді, Қоғамда мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.4. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасап, мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтар мен міндеттемелерді ие болып, сотта талапкер немесе жауапкер болып, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

4.5. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығына ие болады және бере алады.

4.6. Қоғам Заңнамада көзделген тәртіппен бағалы қағаздарды шығара және тарата алады.

4.7. Қоғам заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша олар туралы Ережеге сәйкес іс-қимыл жасайтын, оның орналақсан жерінен тыс жерлерде Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашып, өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беріп және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және тұтастай алғанда Қоғамның балансында да есептеледі.

Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді Қоғам Басқармасының мақұлдауымен Бас директор (Басқарма төрағасы) тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайды.

4.8. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, бекітілген бюджеті негізінде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, өлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді белгіленген тәртіппен дербес шешеді.

4.9. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында да есепшоттар ашуға құқылы.

4.10. Қоғам Заңнамаға сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгеде және шетел валютасында заемдар алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

4.11. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

4.12. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасымен Қоғамның бірінші басшысының және оның орынбасарларының шетелдік іссапарларын келіседі.

4.13. Қоғам Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болып және басқа да міндеттерді көтереді.

5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оның заңнама актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда өздеріне тиесілі акциялардың құнының шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.

5.2. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері Заңнамамен айқындалады.

6. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

6.1. Қоғамның мүлкі:

- 1) Қоғамға біріктіру нәтижесінде “Ембімұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы мен “Өзенмұнайгаз” ашық акционерлік қоғамы берген мүлктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде алынған кірістерден;
- 3) Заңнамамен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша алынған өзге де мүлктен тұрады.

6.2. Жарғылық капиталының мөлшері 10 340 268 750 (он миллиард үш жүз қырық миллион екі жүз алпыс сегіз мың жеті жүз елу) теңгені құрайды.

6.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға Заңнамада белгіленген тәртіппен акцияларды шығару және орналастыру арқылы акционерлердің жалпы жиналысының немесе соттың шешімі бойынша жол беріледі.

7. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

7.1. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

7.2. Қоғамның жарияланған акцияларының саны 41 361 075 (қырық бір миллион үш жүз алпыс бір мың жетпіс бес) дананы құрайды, оның ішінде:

атаулы құны 250 (екі жүз елу) теңге жай акциялар 37 224 968 (отыз жеті миллион екі жүз жиырма төрт мың тоғыз жүз алпыс сегіз) дана;

атаулы құны 250 (екі жүз елу) теңге артықшылықты акциялар 4 136 107 (төрт миллион бір жүз отыз алты мың бір жүз жеті) дана.

Акциялар бастапқыда “Ембімұнайгаз” және “Өзенмұнайгаз” ашық акционерлік қоғамдарын біріктіру туралы шартқа сәйкес акционерлердің арасында орналастырылады.

7.3. Жай акция акционерге дауысқа салынған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамның таза табысы болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде дивидендтер алуға, сондай-ақ Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған соң қалған оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

7.4. Қоғамның артықшылықты акциясы оны иеленушіге мынадай құқықтарды береді:

жай акцияларды ұстаушы акционерлердің алдында артықшылықты акциялардың атаулы құнынан жылдық 10 (он) процент мөлшерінде дивидендтер алуға;

Заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде мүлктің бір бөлігіне басымдықты құқық береді.

Егер:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екі) бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;

2) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;

3) артықшылықты акция бойынша дивидендті оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе, артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді.

7.5. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

7.6. Қоғам конвертацияланатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

Қосымша қаражат тарту үшін Қоғам Заңнамаға сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналымға салу, олар бойынша сыйақылар төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Заңнамамен және облигацияларды шығару проспектісімен айқындалады.

7.7. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның тіркеушісі жүзеге асыра алады, ол Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс.

7.8. Қоғамның акцияларын және басқа да бағалы қағаздарын кепілзатқа салу мәселелері Заңнамамен және кепілзат шартымен реттеледі.

8. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1. Қоғамның таза кірісі (салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеу бойынша бөлінеді;

Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсаттылығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

8.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен акционерлердің жалпы жиналысында дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционерлердің жазбаша келісім болған кезде осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

8.3. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметіне ақы Қоғамның есебінен төленеді.

8.4. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төлебейді.

8.5. Қоғамның жай және артықшылықты акциялар бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса;

3) егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8.6. Жылдың қорытындылары бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он күн ішінде баспасөз басылымында міндетті түрде жариялауға құқылы.

8.7. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл шешім баспасөз басылымында жариялануға тиіс.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысанасы болуға тиіс.

8.8. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл сайын жүргізіледі және осы Жарғының 8.5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда Қоғамның органының шешімін талап етпейді;

Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері жай акциялар бойынша осы кезең үшін есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы тиіс.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтер төленбейді.

8.9. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам баспасөз басылымында Жарғының 8.7-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті.

9. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

9.1. Мыналар Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма болып табылады;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган Ішкі бақылау қызметі.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

10.2. Қоғам жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері бекітіледі. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы, шешім қабылдау Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

10.4. Акционерлердің жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс.

Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Қоғамның Директорлар кеңесі шақырады.

10.6. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесінің;
- 2) Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде тарату процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Заңнамада акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

10.7. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

- 1) Басқарма;
- 2) өзімен жасасылған шартқа сәйкес Қоғамның Тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның Тарату комиссиясы жүзеге асырады.

10.8. Заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

10.9. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғамның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерлерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

10.10. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Қоғам Басқармасының орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

10.11. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдауға және осы талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама жіберуге міндетті. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы шақырылған жағдайда Директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кезектен тыс мәселелермен толықтыруға құқылы.

10.12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі деректер негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтер Заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады.

10.13. Егер акционерлердің жалпы жиналысы қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімінде енгізілген тұлға тізім жасалғаннан кейін Қоғамның оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуге тиіс.

10.14. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт оған қатысу құқығы бар адамдардың неғұрлым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуге тиіс.

10.15. Акционерлер жалпы жиналыстың алдағы өткізілуі туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дайыс берген жағдайда – жиналыс өткізілгенге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарлар етілулері тиіс.

10.16. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау “Казахстанская правда” және “Егемен Қазақстан” газеттерінде хабарлама жариялау және (немесе) акционердің назарына оларға жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі.

Жарғының 10.15-тармағында белгілеген мерзімдерді есептеу хабарландыру баспасөз басылымында жарияланған не почтамен жөнелтілген күнінен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарламаны баспасөз басылымынан өзге де бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қосымша таратуға жол беріледі.

10.17. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруда:

- 1) Қоғамның (Қоғам Басқармасының) толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналыстарды қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқысы өткізілмесе, Қоғам акционерлерінің өткізілуге тиісті болған жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі.

10.18. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды.

Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізіледі.

10.19. Акционерлердің қайталап өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

10.20. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

10.22. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналысты өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

10.24. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

10.25. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

10.27. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы мынадай ақпарат:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ тілегі бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орны және атқарған қызметі туралы мәліметтер;
- 4) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат болуға тиіс.

10.28. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар қамтылуға тиіс.

10.29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар танысу үшін акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей берілуге тиіс.

10.30. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сондай-ақ Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленетін, Жарғының 10.13-тармағында аталған адамдар тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.31. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы:

- 1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

10.32. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде Қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

10.33. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның лауазымды адамдарының акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

10.34. Заңнамаға немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіуге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

10.35. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамамен, Жарғымен сәйкес не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен белгіленеді.

10.36. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын акционер акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

Акционерлердің қатысу тәртібімен акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған адамдар қатыса алады, бұл орайда мұндай адамдар төрағаның (төралқаның) рұқсатымен акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқылы.

10.37. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашыламуы керек.

10.38. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру “бір акция - бір дауыс” принципімен жүзеге асырылады, ал шешім дауыс беруге қатысушылардың Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің Басқарманың құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда Басқарманың мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

10.39. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, бөгет жасауға құқығы жоқ.

10.40. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы, ол туралы хаттамаға белгі жасалады.

10.41. Акционерлердің жалпы жиналысын күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялауға болады.

10.42. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

10.43. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

10.44. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады).

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен Қоғамның дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге тандап жіберуге құқығы жоқ.

10.45. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберуге тиіс. Акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп Қоғам акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беруге беретін болған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабармен бірге Жарғыда белгіленген баспасөз басылымында жариялауға міндетті.

10.46. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерге:

- 1) Қоғамның Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің нақты күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысының өткізілетін күні не акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;

8) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің “жақтайды”, “қарсы”, “қалыс қалды” деген сөздермен білдірілген нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

10.47. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерге жеке адам – акционер осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуына тиіс.

Жеке адам - акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана белгі қойылған ықтимал нұсқасы бойынша дауыстар есептеледі.

10.48. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін орын болуға тиіс.

10.49. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген акционер акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

10.50. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыспен беруді қоспағанда, “бір акция – бір дауыс” принципі бойынша жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен бюллетеньдер бойынша ашық тәсілмен немесе жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуі мүмкін.

10.51. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

10.52. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) Қоғам акционерлердің жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) жалпы жиналыс күн тәртібінің дауысқа салынған әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 9) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 10) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

10.53. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;
- 2) есеп комиссиясының мүшелері;

3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдар қол қоюға тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті адам қол қоя алмаса, оның өкілі берілген сенімхаттың негізінде хаттамаға қол қояды.

10.54. Жарғының 103-тармағында аталған адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

10.55. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционерлердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

11.1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) белгіленген тәртіппен Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

7) жылдық қаржы есептілігін бекіту

8) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендт мөлшерін бекіту;

9) Заңнамада және Жарғыда көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

10) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның ірі мәмілелер жасасу және жасалуына Қоғам мүдделі болатын мәмілелер жасасу туралы шешімдерін бекіту;

12) Қоғам міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомаға көбейту туралы шешім қабылдау;

13) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты баспасөз басылымында беру туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін бекіту;

15) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде баспасөз басылымын айқындау;

17) “алтын акцияны” енгізу және оның күшін жою.

11.2. Жарғының 11.1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша шешімдер Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге де мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

11.3. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

11.4. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

12.1. Директорлар кеңесі Заңнамамен және Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

12.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орналастыру және оларды жарияланған акциялар санының шегінде орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау;

7) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, Қоғамның Бас директорын (Басқарма төрағасын) сайлау және Басқарма мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

8) Қоғам Бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқармасы мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

- 9) Ішкі аудит қызметінің жыл сайынғы жоспарын бекіту;
- 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және өкілеттіктер мерзімін айқындау, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жеке құрамын бекіту және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату (Ішкі аудит қызметі басшысын қоспағанда);
- 11) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақы төлеу жүйесін, мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;
- 12) белгіленген тәртіппен бағалаушы мен аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтерге төленетін ақының мөлшерін айқындау;
- 13) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін белгілеу;
- 14) тізбесін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 16) Қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы, сондай-ақ Заңнамада көзделген жағдайлардан басқа, олардағы үлестер мен акцияларды иеліктен айыру туралы шешім қабылдау;
- 17) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда белгіленген тәртіппен Қоғамның тіркеушісін таңдау;
- 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 19) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 20) Қоғамның өз капиталының көлемінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын көлемге оның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 21) Қоғамның жұмыс бағдарламасын және Орталық аппараты бойынша шығыстарды және демеушілік көмек ретінде бөлінетін қаражатты (әлеуметтік шығыстар) бөле отырып бюджетін бекіту;
- 22) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 23) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) бекіту;
- 24) Заңнамада және Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

12.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Қоғам Басқармасының шешіміне берілмейді.

12.4. Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

12.5. Тек жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады:

Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) акционер - жеке адамдар;
- 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;
- 3) басқа адамдар (Жарғының 12.6-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады (тағайындалады).

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар

Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

12.6. Қоғамның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны Директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

12.7. Қоғам Басқармасының басшысының басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

12.8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде 5 (бес) адам болуы тиіс.

12.9. Мыналар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

жоғары не орта арнаулы білімі жоқтар;

сотталғаны өтелмегендер немесе сотталғаны Заңнамада белгіленген тәртіппен алынбағандар;

банкроттық, консервациялау санациялау, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жыл бойы осы адамның басшылығында мәжбүрлеп таратылған банкрот деп танылған немесе консервацияланған, санацияланған, заңды тұлғаның басшысы болған адам;

12.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар егер Заңнамада өзгеше көзделмесе бірнеше рет қайтадан сайлана алады.

12.11. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлайтын акционерлердің жалпы жиналысы өткізілген сәттен бітеді.

12.12. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

12.13. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

12.14. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санынан жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің осы мүшелерінің өкілеттіктері Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

12.15. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

12.16. Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырысын өткізеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;

4) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып, Қоғамның атынан Қоғамның Бас директорымен (Басқарма

төрағасымен) жеке еңбек шартын жасайды. Бұл орайда осы жеке еңбек шартында Қоғам Бас директорының (Басқарма төрағасының) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының, Қоғамның өндірістік бағдарламасының, бюджетінің орындалуы нәтижелеріне материалдық ынталандырылуы мен жауапкершілігінің тікелей байланысты болуын көздеуі тиіс;

5) Қоғамның атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайын аудит жүргізуге шарт жасайды;

6) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысын тағайындайды және қызметінен босатады, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

7) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулығын бекітеді.

12.17. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

12.18. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

12.19. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

12.20. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін үш күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

12.21. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

12.22. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізу туралы шешім ғана қабылдауға құқылы.

12.23. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстарды есептеген кезде отырысты өткізу сәтінде Директорлар кеңесінің отырысқа қатыспаған мүшелерінің жазбаша түрде білдірілген бар дауыстары ескеріледі. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусы шешуші болып табылады.

12.24. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

12.25. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның шешімдерін қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша сырттай дауыс беру арқылы да болуы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі тиіс және осы шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің қойған қолдарының (қолдары бар бюллетеньдердің) осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті саны болған жағдайда жарамды деп танылады.

Қоғам қызметінің басымдықты бағыттары туралы шешім қабылдау кезінде, Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау кезінде, сондай-ақ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізуге жол берілмейді.

12.26. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және жері;

3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

12.27. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

13. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

13.1. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасын Бас директор (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тіртібі директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжатымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдайды, оның ішінде:

1) Қоғамның атынан Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен мәмілелер жасайды;

2) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның өз капиталы мөлшерінің бестен онға дейінгі процентін құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

3) Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің филиалдар мен өкілдіктер құру туралы Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде және Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның орталық аппараты қызметкерлер (жалпы санын) штатын ескере отырып, құрылымын және штат кестесін бекітеді;

4) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді;

5) бағалы қағаздар эмиссиясының проспектіні бекітеді;

6) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдары мен бағынысты акционерлік қоғамдарының жұмысын үйлестіреді және бағыт береді;

7) Басқарма сұрау салуды алған сәтінен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларын орындаған кезде Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде құпия сипаттағы ақпаратты уақтылы беруді қамтамасыз етеді.

8) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

9) Қоғамның жылдық мемлекеттік сатып алу жоспарын бекітеді;

10) Қоғам қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері Қоғамның жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын шешім қабылдайды.

Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Қоғам Басқарманың Қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасаған мәміленің жарамдығын, егер мәмілені жасау кезінде тараптардың мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, даулауға құқылы.

13.2. Акционерлер мен оның акционері болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері Басқарманың мүшелері бола алады.

Қоғамның Басқармасын құру, оның өкілеттіктері, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Заңнамаға және Жарғыға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңнамамен, Жарғымен, сондай-ақ аталған тұлға Қоғаммен жасасқан жеке еңбек шартымен айқындалады. Бас директормен (Басқарма төрағасымен) жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазмдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жеке еңбек шартына Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазмдық жалақысының мөлшерін белгілей отырып Бас директор (Басқарма төрағасы) қол қояды. Бұл орайда осы жеке еңбек шарттары материалдық көтермелеу мен Қоғамның Бас директордың (Басқарма төрағасының) және Басқармасы мүшелерінің жауапкершілігінің Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының, өндірістік бағдарламасының және бюджетінің орындалуы нәтижелеріне тікелей тәуелділігін көздеуі тиіс.

13.3. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

13.4. Егер отырысқа Басқарма мүшелерінің 2/3-і қатысса Басқарма отырысы өткізілді деп есептеледі.

13.5. Басқарманың шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Бас директордың (Басқарма төрағасының) дауыс берген шешім қабылданады.

13.6. Бас директор (Басқарма төрағасы):

1) Басқарманы басқарады;

- 2) акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) Қоғамның атынан үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда сенімхатсыз іс-қимыл жасайды;
- 4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;
- 5) Қоғамның қызметкерлерін (Басқарманың мүшелері болып табылатын қызметкерлерден басқа) қабылдауды, ауыстыру және босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді, Қоғам Басқармасының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа Қоғам қызметкерлері сыйлықақыларының мөлшерін белгілейді;
- 6) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;
- 8) Қоғам қызметінің процесінде қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік органдардың актілерін қабылдау арқылы нормативтік реттеу қажет болған кезде 50% акциясына иелік ететін акционерге тиісті актіні қабылдау жөнінде дәлелді негіздеме мен мұндай шешімнің жобасын қоса беріп өз ұсынысын жолдайды;
- 9) Қоғамның атынан Қоғамның өз капиталы мөлшерінің бес процентіне дейінгі сомаға мәміле жасалады;
- 10) 50% астам акциясына иелік ететін акционердің келісімі бойынша осы акционер белгіленген номенклатура бойынша Қоғамның басшы қызметкерлерін тағайындайды;
- 11) Қоғамның Басқармасы мақұлдаған адамдарды филиалдар мен өкілдіктердің басшылары лауазымына тағайындайды және оларды лауазымдарынан босатады;
- 12) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;
- 13) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарларын және бағдарламасын - жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысының алдында Қоғамның жұмысы үшін жауап береді;
- 15) жыл сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның жыл сайынғы өндірістік бағдарламасы мен бюджетінің іске асырылуы туралы есеп береді;
- 16) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;
- 17) құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- 18) Басқарманың отырыстарын шақырады және қарауға қажетті материалдарды ұсынады;
- 19) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, міндеттерді орындауы үшін қажет, акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне, сондай-ақ Қоғам Басқармасының құзыретіне жатпайтын барлық қалған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

14. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

14.1 Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Басқармасының мүшелері):

- 1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен акционерлердің мүдделерін мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді

пайдаланады. Қоғам мен оның лауазымды тұлғасы мүдделерінің тартысы туындаған жағдайда соңғысы бұл жөнінде Басқарманы (Директорлар кеңесін) дереу хабардар етуге міндетті.

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе Қоғамның Жарғысына, Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ оны өз мақсаттарына және өздерінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде асыра пайдалануға жол бермеуге тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуы мен берілуін бақылайды.

14.2. Бас директор (Басқарма төрағасы) мен Қоғам Басқармасының мүшелері өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) Қоғамға келтірілген зиян үшін Қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

14.3. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде лауазымды адамның Қоғамға келтірген залалын өтеуі туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы.

15. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

15.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін кемінде 3 (үш) адам санында Ішкі аудит қызметі құрылады.

15.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметінің басшысын Директорлар кеңесі қызметіне тағайындап, қызметінен босатады.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметі бұрын қараған мәселелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға; Ішкі аудит қызметінің мәселесі қаралатын Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға; Директорлар кеңесінің бекітуіне Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің құрамына енгізу үшін кандидатураларды ұсынуға құқылы.

15.3. Ішкі аудит қызметі тікелеу Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында жыл сайын өз жұмысы туралы есеп береді.

15.4. Жыл сайынғы жұмыс жоспарын орындау мақсатында, оған өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып Ішкі аудит қызметі Қоғамның барлық құжаттамасы мен ақпаратына сөзсіз қол жеткізуге құқығы бар.

15.5. Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі, оның құзыреті мен функциялары Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

16. ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ, ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ

16.1. Қоғамның қаржы жылы болып күнтізбелік жыл саналады (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан бойынша).

16.2. Қоғамның қаржы есептілігіне Қоғамның бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша айналымы туралы есеп, өзінің капиталының өзгеруі туралы есеп және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес өзге де есептілік кіреді.

16.3. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есептің стандарттарымен белгіленеді.

16.4. Қаржылық және статистикалық есептілік, есеп құжаттамасы және мемрзімдік қаржы есептіліктері жасалады және қажет болған кезінде Жарғыға, Заңнамада белгіленген бухгалтерлік есептің принциптеріне сәйкес, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен басқа да принциптерге сәйкес құзыретті мемлекеттік органдар мен акционерлердің жалпы жиналысының қарауына беріледі.

16.5. Қоғамның Басқармасы жыл сайын оны талқылау және бекіту үшін өткен жылғы жылдық қаржы есептілігін акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады.

16.6. Жылдық қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасына сәйкес жасалады.

16.7. Жылдық қаржы есептілігі оны акционерлердің жалпы жиналысының қарауына енгізу күніне дейін отыз күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекітуді акционерлердің жалпы жиналысы жүргізеді.

16.8. Қоғам қызметінің нәтижелері жөніндегі қаржы есептілігі теңгеде көрсетіледі және ақпарат үшін шетелдік валютаға ауыстырылуы мүмкін.

16.9. Қоғам жыл сайын Жарғының 10.16-тармағында аталған баспасөз басылымында бағалы қағаздар рыногын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын укілеттік мемлекеттік орган белгілеген мерзімдерде жылдық қаржы есептілігін жариялауға міндетті.

16.10. Қоғам жыл сайынғы қаржы есептілігінің аудитін жүргізуге міндетті.

16.11. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамашылығымен Қоғамның есебінен не ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін.

16.12. Егер Басқарма Қоғамның аудитін жүргізуден бас тартса, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың шешімімен аудит тағайындалуы мүмкін.

16.13. Қоғамның бухгалтерлік құжаттамасы орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда мемлекеттік тілде жүргізіледі. Құндық есепке алу Қазақстан Республикасының ақша бірлігі - теңгеде жүргізіледі.

Бухгалтерлік есепте келіп түскен және жұмсалған қаражат шетел валютасында көрсетілгенде шетел валютасында қайта есептеу валюта айырбастаудың рыноктық курсы бойынша іске асырылады.

16.14. Қоғам жыл сайын бухгалтерлік есептің қазақстандық және халықаралық стандарттарына сәйкес қаржы жылының қорытындылары бойынша, ол аяқталғанға дейін 90 (тоқсан) күннен кешіктірмей аудиторлық ұйымдармен аудиторлық тексеріс жүргізеді.

17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

17.1. Қоғам Заңнамаға және Жарғыға сәйкес акционерлердің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты сұрау салуы бойынша өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Қоғам мен оның акционерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті жариялануға жататын өз қабарламалары мен басқа да ақпараттарын жариялау үшін пайдалануы тиіс баспасөз бысылымы Жарғының 10.16-тармағында көрсетілген.

17.2. Қоғам акционердің талабы бойынша оған Заңнамада белгіленген құжаттардың көшірмесін беруге міндетті.

Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғам басқармасына жазбаша нысанда жүгінеді. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде беруі тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі қызметтік, құпиялы немесе өзге де заңмен қорғалатын ақпараттың берілуіне шек қоя алады.

Құжаттардың көшірмесін бергені үшін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмесін жасауға кеткен шығыстар құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты ақы төлеуден аспауы тиіс.

17.3. Акционерлердің мүддесін қозғайтын Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Мына құжаттар:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) құрылтайшылық шарт (біріктіру туралы шарт), құрылтайшылық шартқа (біріктіру туралы шартқа) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 3) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік;
- 4) Қоғамның статистикалық карточкасы;
- 5) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған лицензиялары;
- 6) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 7) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;
- 8) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;
- 9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 10) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамалары және акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлердің тізмі;
- 12) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, Директорлар кеңесінің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
- 13) Басқарма отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары сақталуға тиіс.

17.5. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Заңнамаға сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

18. ҚОҒАМ МЕНШІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАЛУЫ

18.1. Қоғам меншігінің және оған тиесілі құқықтардың құқықтық қорғалуы Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

18.2. Акционерге мәлім болған “Құпия”, “Қызмет бабында пайдалану үшін” деген белгісі бар Қоғамның қызметі туралы ақпарат жазбаша немесе өзге де нысанда

үшінші тұлғаларға берілмейді. Осындай ақпаратқа ие акционер оны құпия сақтауға міндетті. Құпия ақпарат Қоғамның Бас директорының (Басқарма төрағасының) рұқсатымен ғана жария етілуі мүмкін, бұлай болмаған жағдайда акционер Заңнамаға сәйкес жауапкершілікте болады.

ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

19.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

19.2. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлеу түрінде жүргізілуі мүмкін.

19.3. Мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру Заңнамада көзделген жағдайда сот органдарының шешімі бойынша жүргізілуі мүмкін.

19.4. Егер қайта ұйымдастырылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтатады, оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамада белгіленген тәртіппен жоюға жатады.

20. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

20.1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешім кредиторлармен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін белгілейтін Жалғыз акционер Заңнамаға сәйкес қабылдайды.

20.2. Заңнамада көзделген жағдайларда Қоғамды мәжбүрлеп таратуды сот жүзеге асырады.

Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.

20.3. Соттың немесе акционерлердің жалпы жиналысының Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы Қоғамның таратылуы кезеңінде оны басқару және тізбесі Заңнамасында белгіленген іс-әрекет жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады.

Тарату комиссиясының құрамына қоғам кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де адамдар енгізілуі тиіс.

20.4. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Заңнамасымен реттеледі.

20.5. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

21.1. Егер Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыда жол берілетін мағынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.

21.2. Осы Жарғымен реттелмеген жағдайларда Қоғам Заңнаманы басшылыққа алады.

21.3. Жарғы оны Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

акционерлердің жалпы жиналысы
уәкілеттік берген тұлға



Батырбаев М.Д.

Утвержден
общим собранием акционеров
Протокол №1
от «30» марта 2004 г.

У С Т А В

акционерного общества

«Разведка Добыча «КазМунайГаз»

г. Астана, 2004 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав акционерного общества «Разведка Добыча «КазМунайГаз» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Наименование Общества:

- полное наименование на государственном языке – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, сокращенное – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ;

- полное наименование на русском языке – акционерное общество «Разведка Добыча «КазМунайГаз», сокращенное - АО «РД «КазМунайГаз»;

- полное наименование на английском языке – joint stock company «KazMunayGas» Exploration-Production», сокращенное – JSC «KazMunayGas» EP».

1.3. Место нахождения Общества (исполнительного органа Общества): 473000, г. Астана, район Алматы, пр. Кабанбай батыра, 20/1.

1.4. Срок деятельности Общества – не ограничен.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Общество создано в результате реорганизации в форме слияния открытого акционерного общества «Эмбамунайгаз» и открытого акционерного общества «Узеньмунайгаз» и является правопреемником всего имущества, прав и обязанностей открытого акционерного общества «Эмбамунайгаз» и открытого акционерного общества «Узеньмунайгаз».

2.2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.3. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – Законодательство), а также настоящим Уставом (далее - Устав).

2.4. Общество приобретает статус юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции.

Финансовая и производственная деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

2.5. Общество имеет печать, бланки с указанием полного наименования на государственном и русском языках, может иметь свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном порядке, а также штампы на государственном, русском языках и другие реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

3. ЦЕЛЬ И ОСНОВНЫЕ ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

3.1. Цель Общества – получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.

3.2. Основными видами деятельности Общества являются:

1) проведение геологоразведочных, изыскательских работ и разработка нефтяных, газовых и газоконденсатных месторождений, а также месторождений

подземных вод; добыча, транспортировка нефти, газа и подземных и морских вод; подготовка нефти и переработка газа, реализация сырья и продуктов переработки;

2) бурение поисковых, разведочных, структурных и эксплуатационных скважин на нефть, газ и воды, их консервация и ликвидация;

3) обустройство нефтяных, газовых месторождений, а также месторождений подземных вод;

4) испытание и освоение добывающих (нефтяных, газовых) и нагнетательных скважин;

5) комплексное гидродинамическое исследование и тестирование нефтегазовых и водяных скважин;

6) комплекс геофизических исследований и перфорации скважин;

7) повышение нефтеотдачи пластов путем применения химических, физических, физико-химических методов воздействия в прозабойную зону скважин (ГРП, ГДРП, ТБХО, закачка химреагентов, кислот, ЭКВ, ВУВЭ и пр.);

8) проведение топомаркшейдерских работ;

9) лабораторные работы по определению физико-химических свойств нефти, газа, воды и пород;

10) осуществление наблюдения за сейсмическими, геодинамическими режимами района разработки месторождения;

11) ведение мониторинга для определения степени и типов загрязнения первого от поверхности водоносного горизонта и влияния загрязняющих веществ на окружающую среду на месторождениях;

12) ведение мониторинга месторождений подземных вод;

13) строительство, текущий и капитальный ремонт эксплуатационных скважин на нефтегазопромыслах (строительство эксплуатационных скважин, капитальный ремонт скважин включая зарезку второго ствола, подземный ремонт скважин);

14) выработка сжиженного газа, углеводородной смеси, печного топлива и другой продукции газопереработки;

15) интенсификация добычи нефти;

16) осуществление высотно-монтажных работ;

17) техническое перевооружение и реконструкция производственных мощностей для обеспечения наиболее эффективного извлечения и использования нефти;

18) организация работ по внедрению новых видов технологически устойчивого оборудования, проведение пуско-наладочных, шеф-монтажных работ на объектах нефтегазодобычи, нефтегазотранспорта, нефтегазопереработки и химии;

19) разработка конструкторско-технической документации нефтепромыслового оборудования по решению наиболее острых проблем в нефтедобыче и их внедрение;

20) изготовление, капитальный ремонт бурового, нефтепромыслового и других видов специального оборудования, транспортных средств, инструмента и запасных частей для собственных нужд;

21) эксплуатация промышленных взрывоопасных производств, эксплуатация и ремонт сосудов и трубопроводов, работающих под давлением;

22) монтаж технологического нефтегазопромыслового оборудования;

23) изготовление сварочно-монтажных конструкций (в т.ч. несущих), их дефектоскопия, ремонт и испытания, составление ПСД;

24) проведение работ на продление срока эксплуатации оборудования после ремонта с занесением видов ремонта в паспорт оборудования, не регистрируемых в органах технадзора;

25) эксплуатация, монтаж и ремонт трубопроводов, подводящих газ к печи, а также запорной арматуры и регуляторов давления;

26) проведение планово-предупредительного ремонта и техническое обслуживание газового оборудования;

27) ремонт, наладка и испытания печей подогревов, котлов, сосудов, резервуаров, работающих под давлением, оборудования газодобычи, газотранспортировки, грузоподъемных механизмов и машин, автомобильных газобаллонных установок, кузнечных цехов;

28) выполнение всего комплекса работ по улучшению экологической обстановки на нефтяных месторождениях;

29) сбор, утилизация, переработка и ликвидация амбарной и разлитой нефти, нефтешламов, замазученных (территорий) грунтов и рекультивация земель;

30) лабораторные исследования, мониторинг окружающей среды и химический анализ веществ;

31) проведение работ по депарафинизации скважин, труб и оборудования;

32) выполнение работ по химизации технологических процессов нефтедобычи;

33) капитальный ремонт оборудования, сетей и сооружений объектов химизации, экологических мероприятий, пуско-наладочные работы;

34) прием, хранение химических материалов, реагентов (в т.ч. пожароопасных и ядовитых) и средств, их транспортировка и применение;

35) техническая эксплуатация электроустановок. Передача, распределение, транспортировка и продажа электроэнергии;

36) текущий и капитальный ремонты и обслуживание электромеханического оборудования, монтаж КИПиА, средств связи;

37) капитальный монтаж и пуско-наладочные работы на электрических сетях и электрооборудовании напряжением до и выше 1000 В, 35 кВ включительно, а также сбор, хранение и сдача производственных отходов металлов (цветных и черных) электротехнического происхождения;

38) хранение, использование и транспортировка взрывчатых веществ, средств взрывания и источников ионизирующего излучения (радиоактивные вещества), импорт этих средств в установленном порядке;

39) сбор (заготовка), хранение, переработка и реализация лома и отходов цветных и черных металлов;

40) эксплуатация спецтехники, автотранспортных средств, землеройных машин, грузоподъемных механизмов производства стран СНГ и других иностранных производителей;

41) осуществление автотранспортной, железнодорожной, морской и авиа перевозки грузов и пассажиров;

